



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Ерекше жандарға арналған ереже



«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпаратқа қол жеткізу және қоғамдық қатысу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының кезекті отырысы өтті. Онлайн форматта ұйымдастырылған жиын барысында мүгедектігі бар адамдардың ақпаратқа қолжеткізу мәселесі жан-жақты талқыланды.

Жиынға қатысушылар жарнама, киноматография, телерадиоадағы ақпарат тарату, ақпаратқа қолжетімділік, ақпараттандыру сынды бірнеше заңға өзгеріс енгізуді ұсынды. Өйткені мүмкіндігі шектеулі азаматтар қоғамда еркін өмір сүріп, оларға кез келген ақпарат қолжетімді болуы қажет. Заң жобасын талқылау барысында отандық телеарналарға сурдоаударма мен субтитрді міндетті түрде қосу ұсынылды. Өйткені статистикалық деректерге сүйенсек, елімізде көру қабілеті нашар 85 мыңға жуық азамат бар. Ал 29 мыңға жуық жанның туылғалы құлағы естімейді немесе жүре бара есту қабілеті бұзылған.

– Өкінішке қарай, есту және көру қабілетінен айырылған азаматтар үшін еліміздегі мемлекеттік мекемелердің сайтындағы ақпарат қолжетімсіз. Егер қасында мәліметті оқып беретін адам болмаса, олар өздігінен қарай да, оқи да алмайды. Бұл азаматтардың құқығын шектейді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегіне, 2050 жылға қарай шамамен 2,5 млрд адамның, яғни әлемдегі әр төртінші азаматтың құлағының естуінде қиындық болуы мүмкін. Демек бұл адамдарға қоғамға бейімделу үшін қазіргіден де бірнеше есе шара қабылдауды қажет – деді «Дара» орталығының өкілі Айгүл Табергенова.



## Президент «QazaqGaz» ҰК» АҚ басқарма төрағасын қабылдады

Мемлекет басшысы «QazaqGaz» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Санжар Жаркешовті қабылдады.

Санжар Жаркешов ұлттық компанияның 2022 жылы атқарған жұмыстарының қорытындысы, алдағы кезеңге арналған жоспары мен газ саласы стратегиясын дамыту туралы есеп берді. Сондай-ақ газ саласындағы реформаларды жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстарын жеткізді.

Сонымен қатар халықты табиғи газбен үздіксіз қамтамасыз ету үшін қабылданып

жатқан шаралар туралы баяндады.

Қазақстанда 2022-2023 жылдардағы жылыту маусымында бұрын-соңды болмаған көп мөлшерде газ пайдаланылғанын хабарлады.

Қашаған кен орнындағы газ өңдеу зауыты құрылысының барысы туралы мәлімет берді. «QazaqGaz» компаниясы Алматыдағы жылу электр орталығына газ құбырын тарту, Бейнеу– Жаңаөзен газ құбырының екінші желісін салу, Мақат– Солтүстік Кавказ газ құбырын кеңейту және басқа да маңызды инвести-

циялық жобаларды жүзеге асырып жатыр.

Ұлттық компанияның ресурс базасын ұлғайту және геологиялық барлау бағдарламасын жүзеге асыру үшін жүргізіп жатқан белсенді жұмысы туралы баяндады.

Шығындарды оңтайландыру нәтижесінде былтыр ұлттық компанияның қарызы 26 пайызға азайғанын айтты.

Президент газ саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін реформаны жалғастыруды тапсырды.

## Ниеті оң Нидерланд инвестиция көлемін арттырмақ

Нидерланд Қазақстанда хаб құрып, ірі халықаралық жобаны жүзеге асырмақ ниетте. Қазір нидерландтық жетекші компания елімізде өндіріс ашу мүмкіндіктерін зерттеп жатыр. Егер үкімет жобаны тиімді деп тапса, аймақтарда бау-бақша, ауыл шаруашылығы және басқа да салаларда қолданылатын жоғары қысымды ылғалдандыру жүйелерін өндіретін өндіріс орны салынады.

Нидерланд корольдігі Қазақстанның ең ірі сауда серіктестерінің бестігіне кіреді. Корольдік құйған инвестиция көлемі қазір 100 млрд доллардан асты. Сыртқы істер министрлігінің хабарлауынша, Налдвейк қаласының «World Horti Center» халықаралық бау-бақша орталығында ресми тұлғалар мен бизнес қоғамдастық өкілдері екі елдің инвестициялық жобаларын талқылаған. Осы іс-шара аясында ел мамандары «MJ Tech» компаниясының басшысы Юриан Ван Ден Бремормен кездесіп, олжалы қайтқан.

– Қазақстанның стратегиялық орналасуының қолайлылығын ескере отырып, көрші елдер үшін хаб бола алатынын жеткізгім келеді.



Сондай-ақ бау-бақша, ауыл шаруашылығы және басқа да салаларда қолданылатын жоғары қысымды тұмандандыру жүйелерін өндіру жөніндегі келесі халықаралық жоба Қазақстанда орналасуы мүмкін, – деп қызығушылық танытты Юриан Ван Ден Бремор.

Айтпақшы, «MJ-Tech» отбасылық компаниясы – бау-бақша, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіпте қолданылатын жоғары қысымды ылғалдандыру жүйелерін

өндіруші мекеме. Компания жобалаудан бастап өнімді жеткізу, монтаждау және пайдалануға беру алдында тәстілеуге дейінгі қажетті жұмыстардың барлығын толық жүзеге асырады. Оның өнімдері 50-ден астам елде қолданылады.

Ал Вестленд муниципалитетінің мэрі Бауке Арендстің айтуынша, Қазақстан мен Нидерланд соңғы отыз жылда саяси, экономикалық және мәдени салаларда берік және сенімді ынты-

мақтастық орнатты. Елдер агроөнеркәсіптік, геологиялық барлау, тау-кен өндіру, металлургия және электротехника салаларында бірлескен жобаларды іске асыруда зор мүмкіндіктерге ие. CIM Инвестиция комитетінің төрағасы Ардақ Зебешев те Нидерланд Қазақстан экономикасына салған инвесторлардың көшін бастап келетінін айтады. Өткен 30 жылда тікелей инвестициялар шамамен 110 млрд долларды құрады және бұл көрсеткіш жыл сайын артып келеді. Кейінгі жылдары сауда көлемі тұрақты өсуде. Бүгінде ел нарығында 900-ден астам компания жұмыс істеуде.

Негізі Қазақстанның Еуразия орталығындағы стратегиялық орны, табиғи ресурстардың көптігі, өндірістің тиімділігі және қолайлы инвестициялық ахуал экономиканың түрлі секторларында, әсіресе агроөнеркәсіптік кешендегі жобаларды іске асыруға зор мүмкіндік береді. Сонымен қатар еліміз мемлекеттік қолдаудың кешенді шараларын, қолжетімді және білікті жұмыс күшін ұсынады. Ірі әлемдік нарықтарға да шыға алады. Осындай артықшылықтар нидерландтық компаниялар-

ды қызықтырып отыр. Нәтижесінде, «MJ Tech» пен Қазақстан жылыжайлар одағы арасында ирригациялық жабдықтар өндіру жөніндегі жобаны іске асыру ынтымақтастығы туралы, «Royal GD» мен ауыл шаруашылығы министрлігі республикалық ветеринарлық зертханалары арасында, сондай-ақ «Қарағанды ауыл шаруашылық тәжірибе стансасы» ЖШС, «Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми-зерттеу институты» ЖШС және нидерландтық «Royal Eijkelaar» арасында үшжақты меморандумға қол қойылды.

Сондай-ақ CIM хабарлағандай, қазақстандық делегация Налдвейк, Роттердам және Гаага қалаларында жергілікті бизнес қоғамдастық өкілдерімен екіжақты кездесулер өткізген. Мәселен, «Invest International» инвестициялық қорының басшысы Эльс Хантийспен жүргізілген келіссөздің нәтижесі бойынша Нидерланд үкіметі қолданыстағы бірқатар жобаны одан әрі қаржыландыратын болып, инвестициялық жобалар пулын қалыптастыру туралы келісім жасасқан.

«Созақ үні»-ақпарат.









**Ізгі ниетпен қызмет ететіндерімізді анықтау мақсатында  
Сөзәк ауданы бойынша мәслихат депутат-  
тығына үміткер ҚАБЫЛБЕКОВ ЕЛДӨС ҚАБЫЛБЕКҰЛЫНЫҢ  
САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ**



Қазіргі таңда, әсіресе, біздің өмірімізді өзгертіп, жақсарту үшін қажетті шараларды қолдану маңызды. Менің мақсатым - ауданды дамыту, халықтың өмір сапасын арттыру және әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту.

Менің бағдарламам:

1. Халықтың әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту.
2. Жастар үшін мүмкіндіктер жасау.
3. Ауыл шаруашылығын дамыту.
4. Туризмді дамыту.
5. Өмір сапасын арттыру.
6. Сапалы білім беру үшін жағдай жасау.
7. Қолжетімді сапалы медицина.
8. Мәдениет және демалыс.
9. Бұқаралық спорт.
10. Жол сапасын жақсарту.
11. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету.
12. Аудан тұрғындарының қауіпсіздігі мен сыбайлас жемқорлықпен күрес.
13. Ауыл жастарының арасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту.
14. Халықтың денсаулығына төнетін экологиялық қауіп қатердің алдын алу және азайтуға бар күш жігерімді жұмсаймын.

**Мен сіздерді дұрыс таңдау жасауға шақырамын!**

**№5 Наурыз сайлау округі бойынша Сөзәк аудандық мәслихатының  
депутаттығына үміткер ҚАБЫЛБЕКОВ ЕЛДӨС ҚАБЫЛБЕКҰЛЫНЫҢ  
САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ**



Менің мақсатым - ауданды дамыту, халықтың өмір сапасын арттыру және әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту.

Менің бағдарламам:

1. Халықтың әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту.
2. Жастар үшін мүмкіндіктер жасау.
3. Ауыл шаруашылығын дамыту.
4. Туризмді дамыту.
5. Өмір сапасын арттыру.
6. Сапалы білім беру үшін жағдай жасау.
7. Қолжетімді сапалы медицина.
8. Мәдениет және демалыс.
9. Бұқаралық спорт.
10. Жол сапасын жақсарту.
11. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету.
12. Аудан тұрғындарының қауіпсіздігі мен сыбайлас жемқорлықпен күрес.
13. Ауыл жастарының арасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту.
14. Халықтың денсаулығына төнетін экологиялық қауіп қатердің алдын алу және азайтуға бар күш жігерімді жұмсаймын.

**Құрметті сайлаушылар!**

Сіздерді сайлауға бір кісідей қатысып, өздеріңіздің азаматтық ұстанымдарыңызды Жаңа/Әділетті Қазақстанның жарқын болашағы үшін дауыс беруге шақырамын! Мен шынайы азаматтық қоғам қалыптастыруға, демократиялық ашықтыққа сенемін!

**№5 Наурыз сайлау округі бойынша Сөзәк ауданы бойынша мәслихат депутат-  
тығына үміткер ЖАҚСЫЛЫҚОВ ТАЛҒАТ БАҚБЕРГЕНҰЛЫНЫҢ  
САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ**



Менің ұстанымым: «Халыққа қызмет ету – азаматтық парызым!»

Сөзәк ауданы бойынша алдағы бес жылда атқарылатын жұмыстарым мен сайлауалды бағдарламам:

1. Халықтың табысын арттыру
2. Жастар үшін мүмкіндіктер
3. Ауыл шаруашылығын дамыту
4. Туризмді дамыту
5. Өмір сапасын арттыру
6. Сапалы білім беру үшін жағдай жасау
7. Қолжетімді сапалы медицина
8. Мәдениет және демалыс
9. Бұқаралық спорт
10. Жол сапасын жақсарту
11. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету.
12. Аудан тұрғындарының қауіпсіздігі мен сыбайлас жемқорлықпен күрес.
13. Ауыл жастарының арасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту.
14. Халықтың денсаулығына төнетін экологиялық қауіп қатердің алдын алу және азайтуға бар күш жігерімді жұмсаймын.

**№9 Сөзәк сайлау округінен Сөзәк аудандық мәслихатының депутаттығына  
үміткер ТОПШАҚОВ СЕРІК АБІЛҚАСЫМҰЛЫНЫҢ  
САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ**



**ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!**

Халықтың әлеуметтік әл-ауқаты мен өмір сүру деңгейін арттыру – менің сайлауалды бағдарламамдағы өзекті мәселенің бірі болып табылады. Менің сайлауға түскендегі мақсатым:

- Сөзәк аудандық округіне қарасты білім беру мекемелеріндегі техникалық жұмысшы – қызметкерлерге 25 пайыздық ауылдық жерлердегі үстеме ақыны қостыру;
- аудан көлеміндегі ауыл шаруашылық, өндіріс орындарына және жеке секторларға қажетті жұмысшы мамандарды дайындап келе жатқан «№1 колледж» МКҚК жанынан заманауи жаңа үлгідегі жатақхананы салдыру;
- Сөзәк ауданындағы орталық сауда орындарының айналасын асфальттар төсету;
- Оқушылар жүретін орталық көшеге жаяу жүргіншілер жүретін (тратуар) жол салдыру;
- Ыбырай елді мекеніне орталық көшені жарықтандыру;
- Ауыл тұрғындарының сапалы ауыз суға қолжетімділігін арттыруға;
- Бұқаралық спортты дамытуға жағдай жасауға, салынып жатқан спорттық кешеннің құрылысының сапалы жүргізілуіне;
- Медициналық қызмет көрсету сапасы мен қолжетімділігін арттыруға;
- Өзімнің сайлау округімде туындаған мәселелерді шешуге мәслихат депутаттарының назарын аударуға, депутаттық мандатты тиімді пайдалану мәселесіне;
- Ауыл тұрғындарын арзан азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесіне;
- Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту, әл-ауқатын арттыру үшін шағын және орта бизнесті ашу мәселесіне;
- Азаматтардың тиесілі жер телімдерін алу, оны тиімді пайдалануына ықпал жасау мәселесін міндетіме қоямын.
- Шағын және орта бизнесті дамыту үшін ауыл шаруашылық техникасын сатып алуға, көктемгі егін жұмыстары және мал шаруашылығы субъектілерін арттырып, несиелендіру көлемін жолға қоюға бар күш-жігерімді жұмсаймын.
- Адамгершілікке, имандылыққа, ізгілікке тәрбиелеу, туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілік пен халықтар достығын құрметтеуге тәрбиелеуге;
- Елді мекендерде ауылдық клубтарды ашуға, жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру мәселесіне;
- Жастар мен биліктің өзара диалог құруы мәселесіне;
- Құқықтық насихат айту, жастардың жұмысқа орналасуы мен жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу, білім беру және кәсіптік жұмысшы мамандар даярлау мәселесіне күш-жігерімді жұмсаймын.
- «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша жас маманды ауылға тарту, оларды еңбекке орналасуына кең ықпал жасауға қатысамын.
- Ауыл тұрғындары арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және ескерту бойынша іс-шараларды өткізуде үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін іске қосуға бар күш-жігерім мен тәжірибемді жұмсаймын.



